

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
«Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорнының қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша

Қызылорда қаласы

15.06.2023 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып, **«Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының»** (бұдан әрі – *Кәсіпорын*) табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген *(өзгерістер енгізу туралы)* Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 01.01.2022-31.12.2022 жыл аралығында жүргізілді.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен 2022 жылдың 12 айларының аралығы қамтылды.

6. Кәсіпорын компаенс-офицері міндетін атқарушы Т. Каримов сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Кәсіпорынның өз жұмыстарын жүзеге асыру кезінде ҚР Конституциясын, ҚР қолданыстағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негіздерін басшылыққа алады. Кәсіпорынның қызметіне ҚР еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, Жарғысына, Басқарманың шешімдеріне, лауазымдық нұсқаулық және басқа да ішкі ережелерін басшылыққа алып жұмыс жасайды.

Кәсіпорында 12 бөлім, 3 аудандық газ шаруашылығы барлығы 15 бөлім жұмыс жасайды:

- Әкімшілік құрамы;
- Есеп бөлімі;
- Жоспарлау экономикалық бөлімі;
- Әкімшілік – құқықтық бөлім;
- Өндірістік – техникалық бөлім;
- Еңбек қорғау, қауіпсіздік және экология қызметі бөлімі;
- Мемлекеттік сатып алу бөлімі;
- Ақпараттық технологиялар тобы;
- Қармақшы ауданының газ шаруашылығы.
- Жалағаш ауданының газ шаруашылығы
- Сырдария ауданының газ шаруашылығы
- Бақылау – өлшеу құралдары және автоматика қызметі
- Автокөлік қызметі
- Әкімшілік – шаруашылық бөлімі
- Газды сату және өткізу бөлімі

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бөкей хан көшесі № 41 Г.

II. Кәсіпорынның қызметіне, оны ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

- «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі»;
 - «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV Заңы;
 - ҚР ҚН 4.03-01-2011 «газ тарату жүйелері» нормативтік-құқықтық құжатамасы;
 - Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңы;
 - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығы;
 - «ХҚН 4.03-01-2003 Газ тарату жүйелері» нормативтік құжаты;
 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 673 бұйрығы
 - Коммуналдық қызметтер тізбесін және коммуналдық қызметтер көрсетудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м. а. 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 249 бұйрығы
- Кәсіпорынның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерге жүргізілген талдау нәтижелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға бағытталған бірқатар құқықтық факторлардың бар екенін көрсетеді. Алайда, олар толық емес дәрежеде ықпал етеді, атап айтқанда, жылумен жабдықтау туралы заң жобасы қарастырылмаған.

2.1. Талдау объектісінің Әкімшілік құрамы қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорынның Әкімшілік құрамы - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша жүргізілді:

- «ҚГТЖ» КМК Әкімшілік құрамы қызметі бойынша тексеру нәтижесінде сыбайлас жемқорлық анықталмады.

III. Әкімшілік құқықтық бөлім, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Кадрлық құрылым бойынша.

Кәсіпорын құрылымында штат саны бойынша – 91 қызметкерлер жұмыс жасауда. Оның ішінде 25 адам құрайды, 66 адам өндірістік персоналға жатады.

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

01.01.2022-31.12.2022 ж.ж. аралығында жеке құрам бойынша 139 бұйрық әзірленіп, жұмысқа 29 адам қабылданды, 14 адам жұмыстан босатылды. Тәртіптік шараға байланысты 12 қызметкерге тәртіптік шара қолданылды.

2022 жылы Кәсіпорынға келіп түскен арыз шағым саны 5, жауап берілген саны 5.

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізіледі. Жұмысқа қабылдау www.enbek.kz сайты арқылы өтеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдары

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Контролер	газға берешегі бар тұтынушыларға квитанция беру, есеп құралдарының көрсеткіштерін бақылау	Есеп құралдарының көрсеткіштерін жасыру және дұрыс жазбай өз пайдасына бұрмалау қаупі бар	Орташа
Өндірістік – техникалық бөлім	Рұқсат беру функцияларын	Ғимараттар мен құрылыстарды салу	Орташа

	жүзеге асырады	кезінде газ тұтынушыларға техникалық шарттар беруде қызметті алушылармен жеке қарым-қатынас факторы болуы мүмкін.	
--	----------------	---	--

IV. Мүдделер қақтығысын реттеу.

2022 жыл бойында Кәсіпорында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

V. Мемлекеттік қызмет көрсету.

Кәсіпорында мемлекеттік қызметтер көрсетілмейді.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Кәсіпорынның Өндірістік – техникалық бөлімі ғимараттар мен құрылыстарды салу кезінде газ тұтынушыларға техникалық шарттар беруде қызмет функциялары көзделген.

Талдау жүргізу барысында Кәсіпорын бірқатар рұқсат беру функцияларын өніндегі жұмыс жобаларын келісуді, сондай-ақ тұтынушыларды газ желілеріне қосуға техникалық шарттар беруді жүзеге асырады.

VII. Бақылау функцияларын іске асыру

Кәсіпорында бақылау функцияларын Кәсіпорынның ішкі бақылау маманы жүргізеді.

VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

2022 жылда Кәсіпорынға түскен түсімдер бойынша ;

Кірістер:

газ сатудан – 443503 тенге;

Бюджеттен түскен түсім: жоқ

Шығыстар:

2022 жылында Кәсіпорын бойынша шығыстар барлығы мың тенге

Оның ішінде:

Жалақыға –162 414 мың тенге;

Салыққа –30 323 мың тенге;

Іс сапар шығыстарына – 1 851 мың тенге;

Зейнетақы жарнасы, әлеуметтік аударымдарына – 13 648 мың тенге;

Жабдықтаушы мекемелерге – 202 074 мың тенге;

Өзге де шығыстарға – 3 342 мың тенге;

Кепілдік жарна – жоқ;

Барлығы: - 413 652 мың тенге.

Несие бойынша:

Несие бойынша шығыс пен түскен қаражат болмаған.

IX. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

2022 жылы газбен қамтамасыз ету туралы жеке тұлғалармен 7 901 шарт, заңды тұлғалармен 390 шарт жасалды.

X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Кәсіпорынмен 2022 жылы ақпараттық жүйелер әзірленбеген.

XI. Талдау объектісінің өзге де мәселелері.

Бөлімдегі жалпы құжат айналымы:

2022 жылы жалпы – 365 кіріс хат тіркелген.

Өтініштермен жұмыс жасау барысы туралы.

«Е-Өтініш» арқылы 2022 жыл жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен арыз шағым саны 5 дана.

Барлық түскен арыз шағымдар бойынша жұмыстар жүргізіліп, тиісті тұлғаларға толықтай қанағаттанарлық жауап қайтарылған.

11.1. Кәсіпорынның негізгі қызметі

«Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК-ны тауарлық газды бөлшек саудада өткізу функцияларын іске асыру.

Талдау жүргізу барысында Кәсіпорынның өндірістік техникалық бөлімінің көрсетілетін қызметті алушымен жеке қарым-қатынас факторы жоққа шығарылмайды, соның нәтижесінде осы салада сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындайды.

2022 жылы тұтынушылардан келіп түскен техникалық шартқа келісім беру туралы арыздар өндірістік техникалық бөлімінің мамандарына түседі. Қабылдап алып арызды зерттеп, заңдылығын анықтап, заң талаптарына сай болған жағдайда келісім беріледі.

2022 жылы техникалық шартқа келіп түскен өтініштердің саны; Тернозек кенті бойынша-жеке тұлға -382, әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандар-31, Жаоағаш кенті бойынша-жеке тұлғалар-789, кәсіпкерлік нысандар-52, Жосалы кенті бойынша жеке тұлға -1464, кәсіпкерлік нысандар-98.

ҰСЫНЫМДАР: «Бюджеттік ұйым» ұғымын айқындау бөлігінде «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығына, сондай-ақ тұтынушыларды екінші және үшінші санаттарға жатқызу жөніндегі өлшемшарттарды айқындау бөлігінде салалық нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуге бастамашылық жасау қажет.

Қорытынды: Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлықтың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды азайту бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, ұйымдастыру-басқару қызметінде кейбір тәуекелдер бар екенін көрсетті.

Осыған байланысты, кәсіпорын қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық нұсқаулықтарын сақтауын тұрақты бақылау жолымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша болдырмайтын қосымша шаралар қабылдау қажет. Ол үшін қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды сақтауы үшін жауапкершілік жүктей отырып, басшы адамдарды айқындаған жөн және комплаенс қызметі бөлімі мамандарының жауапкершілігін арттыру қажет.

Талдау нәтижесінде Кәсіпорынның қолданысындағы нормативтік құқықтық актілерінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкесіздіктерді жою бойынша,

Мемлекеттік сатып алу бөлімі бойынша

2022 жылы заңсыз не болмаса заңға қарама қайшы келетін келісім шарттар жасалмаған.

Ұсынады:

1. Кәсіпорын қызметкерлеріне ҚР «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» және ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңдары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуді күшейту.

2. Кәсіпорын қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерді, құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында заңнама талаптарына сәйкес, құқықтық оқыту жұмыстарын жүргізу.

3. «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының» орындалуын қамтамасыз ету.

Осыған байланысты, кәсіпорын қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық нұсқаулықтарын сақтауын тұрақты бақылау жолымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша болдырмайтын қосымша шаралар қабылдау қажет. Ол үшін қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды сақтауы үшін жауапкершілік жүктей отырып, басшы адамдарды айқындаған жөн және комплаенс қызметі бөлімі мамандарының жауапкершілігін арттыру қажет.

Талдау нәтижесінде Кәсіпорынның қолданысындағы нормативтік құқықтық актілерінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкесіздіктерді жою бойынша ұсыныстарды орындау және уәкілетті органдарға хаттар жолдауға қатысты іс-шара жоспарын құруды.

Директор

Заңгер

A handwritten signature in blue ink, consisting of a large, stylized 'K' or 'L' shape with a horizontal line extending to the right and a small loop at the end.

Н. Шаухаманов

Т. Каримов